

Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісіндегі Үкімет сағатында
Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрі Н. Қаппаровтың
«Экологиялық проблемалар және оларды шешу жолдары»
атты баяндамасы

2012 жылғы 11 маусым

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Үкімет сағатында кездескенімізге қуаныштымын.

Менің министр болғаным аз ғана уақыт өткені белгілі. Дегенмен, бүгін Сіздерге еліміздің экологиялық жағдайы туралы пікірімді қысқаша сипаттап беруге рұқсат етіңіздер. Маған берілген осы мүмкіндікті аса жоғары бағалаймын.

Экологиялық заңдарды пысықтауда Сіздермен бірге көптеген жұмыстар атқардық. Нәтижесінде бірқатар нормативтік актілер қабылданды. Сондықтан, Қазақстан заңдарының әлемдік стандарттарға сай келуі үшін шаралар қабылдануда. Аталған жұмыстағы көмектеріңіз үшін Сіздерге алғысымды білдіремін.

Мен қазіргі таңда Қазақстанның экологиялық саласы алдында тұрған және бүгін біз назар аударуды ұсынатын проблемаларды үш блокқа бөлер едім.

Бірінші. мемлекетіміздің энергетикалық секторымен байланысты экологиялық проблемалар. Олар еліміздегі ауа бассейнінің негізгі ластаушысы және парниктік газдар және өндірістік қалдықтар шығарындыларын шығарушы болып табылады. Республикамыздың энерго себеті 90 пайыз көмірге тәуелді. Тәуелсіз есептеулер көрсеткендей, 2020 жылға қарай көмірдің шығарындылар шығару көрсеткіші шығарындылардың жалпы көлемінің 66 пайызын құрайтын болады. Бұндай энергосектордың құрылымы бізге кеңестік шақтан мұра болғаны мәлім, сонымен қатар ол аталған шикізаттың үлкен засапымен және арзандығымен ақталады.

Энергоқұрылымда газ, жаңартылатын энергия көздері сияқты салыстырмалы түрде таза көздерді ұлғайту туралы ойлануымыз қажет. Еліміздегі газ ресурсы 3,7 трлн. текше метрді құрайды. Оның көп бөлігі Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған сынды үш алып кен орнында жинақталған. халықаралық бағалауға сәйкес әлем газдың алтын дәуіріне қадам басты. Газ көмірге қарағанда көмір қышқыл газ шығарындыларын 2 есе аз шығарады, суды 4 есе аз тұтынады және күл қоқысын түзбейді. Газ станциялары әлдеқайда арзан, әрі оларды салу көмірге қарағанда 3 есе жылдам салынады. Сондай-ақ, газ жаңартылатын энергия көздерін дамытуға ықпал ете алады. Газ генераторлары, көмір станцияларына

қарағанда, керемет операциялық икемділікке ие толықтыра алады және жел мен күн энерго қондырғыларын жақсы толықтырады және теңгерімдей алады.

Қазіргі кездегі қабылданған «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы», «Энергия үнемдеу туралы» заңдары жетілдіруді талап етеді. Оны біздің энергетик мамандар да, халықаралық сарапшылар да мойындайды және біз бұл бағытта практикалық қадамдарды ұсынатын боламыз. Қазақстанның энергия үнемдеудегі жоғары әлеуеті осы кезге дейін бағаланбаған. Қазіргі саясатта назар энергоқуаттылықты өсіруге бағытталған. Энерготииімділік және энергоүнемдеу бойынша мықты бағдарлама жақын арада жаңа электр станцияларын салуға қомақты балама болар еді.

Неге мен аталған мәселені бүгін көтеріп отырмын? Халықаралық бағалаулар бойынша жаһандық температураның индустриаландыруға дейінгі кезеңмен салыстырғанда Цельсия бойынша 2 градустан астам көтерілуі планетамызда қайтарымсыз катастрофалы өзгерістерге алып келеді. Қазақстанда климаттың жылынуы планетадағы орташа көрсеткішпен салыстырғанда жылдам қарқында жүруде. Тянь-Шань тауларындағы мұздықтар көлемі XX ғасырдың аяғына қарай 25 – 35 пайызға қысқарды. Аталған тренд сақталған жағдайда, 2050 жылға қарай мұздықтардың көбі іс жүзінде ериді, Шу және Талас өзендерінің ағысы 2 есеге азаяды. Ал, Кіші Алматы өзені мүлдем жоғалады. Бұндай жағдай ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті және еліміздің халқын сумен қамсыздандыруға үлкен қауіп-қатер тудыруда.

Сондықтан, мен Қазақстанның экологиялық саласы алдында тұрған проблемалардың **екінші блогын** айқындағым келеді. Бұл – еліміздің табиғи әлеуетінің жұтаңдануымен байланысты проблемалар. Жердің құнарлылығы, су және биологиялық ресурстар қысқаруда, орман, тау және басқа экожүйелер бұдан әрі азып-тозу үстінде. Тұщы су тапшылығы бүкіл әлемде қарқындап өсуде. Өсіресе, халық санының өсуіне, судың бұрылуына, сондай-ақ мұздықтардың еруіне, құрғақшылыққа, жердің азып-тозу үдерісінің артуына байланысты Орталық Азия елдерінде сумен қамсыздандыру өзекті проблемаға айналуда.

Қазіргі таңда Қазақстанда су тапшылығы 20 пайызды құрайды. Бұдан әрі тұтынудың артуына және климат өзгеруіне байланысты су тапшылығы тек арта түспек. Трансшекаралық ағысқа жоғары тәуелділік, гидромелиоративтік жүйенің ескіруі және ауыл шаруашылығы өндірісі құрылымының тұрақсыздығы Қазақстанның оңтүстік аймақтарын сумен қамсыздандыру перспективасына үлкен күмән тудырады.

Сонымен қатар, елімізде суды үнемдеу үшін үлкен мүмкіндіктер бар. Коммуналдық секторда су үнемдеу әлеуеті 50 пайызға дейін құрауы мүмкін. Сондай-ақ, суды негізгі тұтынушы ауыл шаруашылығында да көптеген мүмкіндіктер іске асырылмайды. Өйткені, қазіргі

ынталандырулар тиімсіз және ылғал үнемдеуіш технологияларды ендіруге бағытталмаған. Мәселе – суды пайдаланудың ескірген стандарттары, суғарудың жоғарылатылған нормалары, суға өте төмен тарифтер туралы. Мелиоративті жүйенің пайдалы әрекет көрсеткіші тозуына байланысты екі есеге азайды. Осының салдарынан суды тұтыну ақталымсыз жоғары болып табылады.

Суды үнемдеу мақсатында суды көп қажет ететін дақылдарды құрғақшылыққа төзімді дақылға ауыстыру мүмкіндігіне назар аудару қажет еді. Осындай шаралар трансшекаралық деңгейде де қажет. Өйткені, су экожүйелерін сақтауға Қазақстанның ғана күш-жігері жеткіліксіз.

Қазіргі кезде Қазақстанда суғармалы су өнімділігі бір текше метр суға 0,4 – 0,8 кг өнім болса, ол дамыған елдерде 2,5 – 8 кг құрайды. Су мен жердің өнімділігін, сондай-ақ өнімнің сапасы мен оның құнын арттыру тетіктерінің бірі органикалық ауыл шаруашылығын дамыту болып табылады. Қазақстанда отарлық мал шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту үшін барлық мүмкіндіктер бар. Бұрын қолжетімсіз болған жаңартылатын энергия көздерін қолдану фермерлерге өзін энергиямен және сумен қамсыздандыруға мүмкіндік береді. Бұл тозған жерлердің жағдайын елеулі жақсартуға және пайдаланылмаған жайылымдардың үлкен аумағын қалпына келтіруге және мал басының көбеюіне мүмкіндік береді.

Аталған факторлар экологиялық таза етті, сүт өнімдерін, жеміс-жидектерді, көкөністі және басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттауды, сондай-ақ фермерлердің табыстарын елеулі арттыруы мүмкін.

Сондай-ақ балық шаруашылығы су ресурстары мен экожүйелердің жай-күйін жақсартуға, судың саны мен сапасына инвестиция тартуды ынталандыруға ықпал ететін болады. Дүниежүзінде балық ресурстарына сұраныс қарқынды түрде өсуде. Әлемдік масштабта аквадақылды жасанды өндіру 1970 жылдан бастап 10 есе өсті және қазір табиғи балық аулаушылықты қоса алғанда барлық балық нарығының 50 %-на жақындауда.

Мысалға, «Чили қоры» жартылай мемлекеттік ұйымы арқан балықты өсіру үшін Норвегияда, Жапонияда және АҚШ-та кірме технологияларын ендірді. Нәтижесінде жылына 1,7 млрд. доллар сомасына арқан балығы мен форельді экспорттаумен жаңартылатын ресурс негізінде жаңа әрі ұзақ мерзімді сала құруға әкелді. Брендке айналдырудың сауатты саясаты «чили сибаасын» Алматы және Астана мейрамханаларында кездестіруге болатын дәрежеге жеткізді.

Табиғи жағдайларда өсірілген өнімге сұраныс одан да жоғары. Егер, мысалы, шоқыр, балқаш алабұғасы немесе каспий бекіресі сияқты жергілікті құнды және балықтың сирек түрін брендке айналдыру жөнінде

сауатты саясат жүргізсе, Қазақстанның осы тұрғыда әлеуеті үлкен. Уылдырық бизнесінің әлеуеті толығымен пайдаланылмайды. Еліміздің балық шаруашылық қоры шамамен 3 млн. гектарды құрайды және көлдерді, бөгендер мен өзендерді, оның ішінде тауар балығын өсіруге арналған 60 мыңнан астам гектар су қоймасын қамтиды. Посткеңестік республикалардың ішінде Қазақстан ішкі су қоймаларының ауданы бойынша Ресейден кейінгі орынды алады. Балық шаруашылығы мен балық аулаушылықты дамытудан нарығымыздың әлеуеті жылына 1 млрд. доллардан астам соманы құрауы мүмкін.

Орман массивтері экологиялық тұрақтылықты, судың сапасын сақтау және экономиканы және халықты сумен қамтамасыз ету үшін баға жетпес рөлге ие. Бүкіл әлемде ормандарды қорғау және қалпына келтіру басым бағыт болып табылады және климатты және биоәртүрлілікті сақтау үшін орман массивтерінің экожүйелік қызметтеріне сұраныстың өсуіне байланысты ол халықаралық деңгейде арнайы қаржылық тетіктер бойынша қолдау табады. Ормандар парниктік газдар шығарындыларын қысқарту бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау үшін елеулі резерв болып табылады. Жаңа технологиялар орман шаруашылығынан айтарлықтай экономикалық пайда алуға мүмкіндік береді. Оңтүстік Африка республикасы жеке сектордың көмегімен қарағай мен эвкалипт егу арқылы өзінде толыққанды орман өндірісін жасап алды. Плантациялардағы ағаш дайындау көлемі 20 млн. текше метрді құрады. Бүкіл орман кешенінің өнеркәсіптік өндірісінің жалпы көлемі 2 млрд. доллардан астам қаржыны құрады.

Стратегиялық ресурс және көптеген жағдайда елді мекендерді сумен қамсыздандыру үшін негізгі көз болып табылатын жер асты сулары жай-күйінің нашарлауының артуы шешілмеген су проблемаларының бірі болып табылады. Осы тұста, мен жалпы алғанда табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәселелеріне қатысты заңдар мен іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету үшін жер қойнауын пайдалану жұмыстарын жүргізуге бақылауды күшейту қажет деп ойлаймын. Жер асты суларының жай-күйіне жүйелі режимдік бақылауларды жүргізу маңызды. Халықты жер асты ауыз суының сенімді қорымен қамтамасыз ету үшін жоспарлы гидрогеологиялық жұмыстар жүргізу арқылы мемлекетіміздің геологиялық қызметіне көмек көрсету ниетіміз бар.

Қазақстан үшін табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың және экожүйелерді сақтаудың жаңа бағыты – экологиялық қоныстандыруды дамыту болып табылады. Экологиялық қоныстандыру – бұл жасыл технологиялы үй құрылысы, автономдық энергиямен және сумен қамсыздандыруды, сондай-ақ, қалдықтарды кәдеге жаратуды пайдалана отырып, экологиялық өмір салтын жүргізуге ұмтылатын тұрғындардың кооперациясы негізінде экологиялық стандарт бойынша салынған аз қабатты құрылысты село немесе шағын қалалар. Бүгінгі күні бай және

кедей - әртүрлі мемлекеттерде салынған мыңдаған экоқоныстар өмір сүру сапасын арттыруға, жұмыспен қамту, урбанизация және қоршаған орта проблемаларын шешуге ықпал етеді. осы бағытты қолдау үшін халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, мемлекеттік және жергілікті деңгейлерде арнайы бағдарламалар қажет етіледі.

Маңызды шараларды қабылдауды талап ететін проблемалардың үшінші блогы өнеркәсіптік шығарындылармен және елімізде жинақталған қалдықтармен байланысты. Қазіргі уақытта еліміздің кәсіпорындарында жинақталған қалдықтар көлемі шамамен 25,0 млрд. тонна. Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарының атмосфераға шығарындылары жылына шамамен 3 миллион тоннаны құрайды, оның 85 пайызы 42 ірі табиғат пайдаланушыға тиесілі. Су объектілеріне жыл сайынғы төгінділер шамамен 2,8 млн.тоннаны құрайды. Жыл сайын республикада 5 миллион тоннаға жуық қатты тұрмыстық қалдықтар түзіледі. Оның ішінде шамамен 5 пайызы ғана кедеге жаратылады. Тиісті жағдай, инфрақұрылым болған жағдайда және жаңа технологияны қолданған жағдайда, қалдықтардан құрылыс материалдарын, жылу және электр энергиясын, коммерциялық пайда ретінде тыңайтқыш өндіріп шығаруға мүмкіндік береді. Дүниежүзінде техногендік минералды қалдықтар пайдалы қазбаларды қайталама алу үшін пайдаланылады, «құрғақ қалдықтар» бақтар мен тартымды ландшафттарда қолданылады. Жаңа отын материалдарының «жасыл» түрлері – брикет және биогаз деп аталатын өндіріс секторы ерекше орын алады.

Құрметті депутаттар, өткен жұма күні Астана қаласында келесі айда ашылатын қоқыс өңдеу зауытын және ескі шиналарды кедеге жарату зауытын көру мүмкіндігіне ие болдыңыздар. Бұл жобалар Қазақстанда қалдықтарды кедеге жарату саласындағы жасыл бизнестің алғашқы қарлығаштарының бірі болып табылады.

Біз озық практикалар мен нормативтер негізінде қалдықтардың барлық түрлерін басқару жүйесін қайта қарауды, қалдықтарды қысқарту, қайта өңдеу және орналастыру секторына инвестициялар тарту үшін жағдай жасауды және муниципалды және коммуналдық органдармен бірлесіп, тарифтік саясатты қайта қарауды ұсынамыз.

Сот шешімімен иесіз деп танылған және республикалық меншікке түскен иесіз қауіпті қалдықтарды басқару мәселесі ерекше назарды талап етеді. Тарихи тұрақты органикалық ластағыштардың (ТОЛ) жалпы көлемі 250 мың тоннаны құрайды. Дүниежүзілік Банк органикалық ластағыштарды жою жөніндегі зауыт құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесін дайындауға 200 мың доллар мөлшерінде грантты растады.

Министрлік 2013 жылдан іске қосуды жоспарлап отырған парниктік газдар квоталарымен сауда жасау ішкі жүйесінің инфрақұрылымын

қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізуде. Квоталармен сауда жасауға қатысатын ірі кәсіпорындар арасында Парниктік газдар квоталарын бөлудің ұлттық жоспары пысықталуда. Осындай квоталармен сауда жасау алаңы ТМД аумағында тұңғыш алаң болып табылады.

Министрлік ретінде біз өңірлік проблемаларды шешу үшін түрлі облыстардың әкімдіктерімен жұмыстар жүргіземіз. «2010 – 2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасы» іске асырылуда. Атап айтсақ, бағдарлама шеңберінде іске асырылатын 16 жобаның 11 жобасы аяқталды. Бұл Ақтөбе, Орал, Ақтау, Жаңаөзен, Бейнеу, Құрық қалаларындағы, Шығыс Қазақстан облысының Тұғыл кентіндегі кәріздік тазарту құрылыстарын салу және қайта құру, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысындағы Комендантка өзені мен Пионерская ағысы арнасын тазарту бойынша жобалар.

Біз, сондай-ақ республикалық деңгейде бірнеше бастамаларды да пысықтаудамыз. Сол бастамалардың бірі - «Қазгидромет» ұлттық гидрометеорологиялық қызметін реформалау. Біз «Қазгидрометті» су, ауа, топырақ, оның ішінде Каспий теңізінің жаһандық мониторингтік компаниясы болып қайта қалыптастыруды жоспарлап отырмыз. Ұлттық гидромет қызметті жаңғыртуға, оның ішінде: бақылау пункттерін көбейтуге, гидрометеорологиялық, радиолокациялық желілерді техникалық қайта жабдықтауға, гидрометеорологиялық ақпараттарды өңдеу үшін жоғары өнімді кластерлік жүйені сатып алуға қаржыландыруды ұлғайтылуы қажет.

Азаматтық авиацияның әуе кемелерінің тұрақты, қауіпсіз және тиімді ұшуын орындауына ықпал ету мақсатында метеорологиялық мәліметтермен қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Қазақстанның барлық аумағындағы бұлттылықтың және онымен байланысты авиация үшін қауіпті найзағай, бұршақ, жауын-шашын, турбуленттілік, мұздану, дауылдар, желдің қозғалысы сияқты метеорологиялық құбылыстардың радиолокациялық бақылауын құру үшін біздің басқа ведомстволық бағынысты ұйым «Қазаэросервис» АҚ базасында қос полярланған метеорологиялық доплерлік локаторлар желісін ұйымдастыру қажет. Бұл ауа-райына байланысты төтенше жағдайлардың алдын алуға өз уақытында шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Құрметті депутаттар!

«Нұр-Отан» Партиясы жанындағы Жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі кеңестің соңғы отырысында біздің қызметкерлердің атына сын айтылды. Негізінен, бұл мәселелер біздің Экологиялық реттеу және

бақылау комитетінің облыстық департаменттерінің жұмыстарына қатысты болды.

Комитет жұмысын ашық ету мақсатында Министрлік жанынан Жемқорлыққа қарсы күрес қоғамдық кеңесі құрылды. Оның құрамына «Нұр-Отан» Партиясының, «Атамекен» палатасының, басқа да қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері кірді. Біз Комитеттің жұмысына негізінен аймақтардан тиісті тәжірибесі бар мамандарды тарту арқылы жаңа кадр саясатын жүргізудеміз. Аумақтық басшыларды жұмысқа алу кезінде жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың пікірлерін ескереміз. Комитеттің экологиялық департаменттерін қайта құру жалғасуда. Бассейндік принциптің орнына аумақтық принципке көштік. Біз бақылау-инспекциялық қызметтің тиімділігін көтеру бойынша нақты қадамдар жасаудамыз. Оның ішінде лицензия мен рұқсаттың электрондық формасына көшіп жатырмыз. Өтінімді қарау мерзімін қысқарту да жоспарда бар. Табиғат қорғау заңнамасын сақтау пайдалы болатын жағдай жасау қажет. Осы жұмыстардың барлығы жемқорлықты жоюға арналған.

Каспий теңізінің жай-күйін бақылауға және мониторинг жасауға ерекше көңіл бөлінеді. Өздеріңізге белгілі жақында Қашағанда коммерциялық өндіру басталады. Каспийде потенциалды экологиялық проблемалардың болатынын болжай отырып, бірінші қадам ретінде біз фондық экологиялық зерттеулер жүргізудің қатаң ережелерін бекіттік. Бұдан кейін де осындай жұмыстар жалғаса береді. Сонымен бірге, Каспийдің мұнаймен ластануына жол бермейтін қуатты база болуы керек.

Министрлік қазіргі кезде екі жүзден астам экологиялық үкіметтік емес ұйыммен жұмысты күшейтуді жоспарлауда. Олар экологиялық саясатты әзірлеуге және оны іске асыруға белсене араласады. Аймақтардағы экологиялық мәселелер бойынша қоғамдық тыңдауларға қатысады. Олардың өкілдері Министрлік жанындағы Қоғамдық экологиялық кеңеске және Орнықты даму жөніндегі кеңес құрамына кіреді. Қоғамдық ұйымдар Қазақстанның ұлттық және халықаралық экологиялық саясатын іске асырудағы тұрақты әріптесіміз болып табылады. Одан әрі тиімді жұмыс үшін біз үкіметтік емес ұйымдармен жылына екі рет кездесуге келістік.

Құрметті депутаттар!

Осы аптада Бразилияда Орнықты даму бойынша дүниежүзілік саммит өз жұмысын бастайды. Ондағы негізгі мәселе – қазіргі экономикалық стратегиялардан «жасыл экономикаға» көшу болмақ. Яғни, өзінің табиғи негізін жоймайтын экономикаға көшу. Қазақстан бұл процеске белсене қатысуда. Біз Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жаһандық энерго-экологиялық стратегиясы және Жасыл даму бағдарламасы халықаралық бастамаларын ұсындық. Ол әлемдік деңгейде қолдау табады деп сенеміз.

Министрліктің депутаттық корпуспен өзара әрекеттегі конструктивті

жұмысы біздің басты мақсатымызға жетуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Ол – Қазақстан азаматтарының өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету. Ол үшін біз барлық күшімізді саламыз. Назарларыңызға рахмет!